

БӨЛІМ: ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаларымен жұмыс

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/62925/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

```
v\:* {behavior:url(#default#VML);}
o\:* {behavior:url(#default#VML);}
w\:* {behavior:url(#default#VML);}
.shape {behavior:url(#default#VML);}
```

Normal

0

false

false

false

RU

X-NONE

X-NONE

MicrosoftInternetExplorer4

/* Style Definitions */

table.MsoNormalTable

{mso-style-name:»Обычная таблица»;

mso-tstyle-rowband-size:0;

mso-tstyle-colband-size:0;

mso-style-noshow:yes;

mso-style-priority:99;

mso-style-qformat:yes;
mso-style-parent:»»;
mso-padding-alt:0cm 5.4pt 0cm 5.4pt;
mso-para-margin:0cm;
mso-para-margin-bottom:.0001pt;
mso-pagination:widow-orphan;
font-size:11.0pt;
font-family:»Calibri»,»sans-serif»;
mso-ascii-font-family:Calibri;
mso-ascii-theme-font:minor-latin;
mso-fareast-font-family:»Times New Roman»;
mso-fareast-theme-font:minor-fareast;
mso-hansi-font-family:Calibri;
mso-hansi-theme-font:minor-latin;
mso-bidi-font-family:»Times New Roman»;
mso-bidi-theme-font:minor-bidi;}

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаларымен жұмыс

Әлеуметтік

педагог Г.Ж.Ташенова

Н.А.Ахмадеева атындағы №112 орта

мектеп

Қызылорда

қаласы

Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың көптеген қызметінің бір саласы - отбасымен жұмыс болып табылады. Отбасымен жүргізілетін әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті отбасындағы немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі көмекке мұқтаж адамдармен жұмыс істеуге бағытталған. Әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс істеу барысында «жеке тұлға-отбасы-қоғам» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды реттеп отырады.

Осы қағидалар отбасы мен балаларға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу оларды келекшек қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді. Сондықтан мектепте аз қамтылған отбасы

оқушыларының әлеуметтік картасы жасалады.

Осы карта бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасы, жетім, толық емес отбасы, жұмыссыз отбасы есепке алынады. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі мүгедек оқушылар да назардан тыс қалмауы керек. Білім мекемесіндегі әлеуметтік педагог мұндай балаларға жоспарлы түрде материалдық және рухани көмек ұйымдастырады. Осыған дәлел ретінде №112 орта мектеп бойынша «Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға/балаларға арнайы кешенді әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында мемлекеттік құрылымдар мен «Арал балалары» қайырымдылық қоры арасында ведомствоаралық байланыс орнатуды ұйымдастыру» арнайы жоба арқылы анықталған Рахмановтар отбасының тұрмыс жағдайын анықтау барысында 24 қаңтар күні кезекті тұрмыстық жағдайын бақылау мақсатында барғанымда үйінде екі қап қана көмірдің бар екенін анықталды. 9 «А» сыныбында Рахманов Қасым, 5 «А» сыныбында Рахманова Ақбота оқиды. Алдағы күтілетін ауа-райының қатты суытуына байланысты отбасына көмек берілу керектігін алға тарта отырып, осы отбасына «СМП-Қызылорда» ЖШС басшысы, облыстық мәслихат депутаты Әлімқұлов Темірхан Мәлікұлынан көмек көрсету сұралды. Осы күні Темірхан Мәлікұлы 1,5 тонна көмір түсіріп, отбасын қуантты. Осы отбасымен психологтар психологиялық қызметтер жүргізуде.

